

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қаңтардағы N 23 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 желтоқсандағы N 1270 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.30. N 555 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қаңтардағы N 23 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 1, 9-құжат) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау ережесінде:

17-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ұсынылған құжаттар мен материалдарды қарау, сондай-ақ техникалық аудит жүргізу кезеңінде заңды және жеке тұлғалар сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің өздері орындап жүрген түрлерін жалғастыра беруге құқылы.

"

;

18-тармақ алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жұмыстардың (қызметтер көрсетудің) лицензияланатын түрлерінің тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 4 желтоқсандағы

N 1270 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 10 қаңтардағы

N 23 қаулысымен

бекітілген

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жұмыстардың (қызметтер көрсетудің) лицензияланатын түрлерінің ТІЗБЕСІ

1. Құрылысқа арналған іздестіру жұмыстары

1. Инженерлік-геодезиялық және инженерлік-геологиялық іздестірулер:
- 1) геодезиялық орталықтарды салу және қалау;
 - 2) инженерлік-гидрологиялық жұмыстар;
 - 3) жоспарлы-биіктік түсірулер желілерін жасау;
 - 4) 1:10000-1:200 масштабтағы топографиялық түсірулер;
 - 5) жер асты коммуникациялары мен құрылыстарын түсіру, желілік құрылыстар трассаларын жасау және түсіру;
 - 6) инженерлік-геологиялық әзірлемелерді, геофизикалық және басқа да іздестіру нүктелерін бекіту арқылы заттай көрініске ауыстырумен байланысты геодезиялық жұмыстар;
 - 7) геофизикалық зерттеулер, алдын ала байқау және түсіріп алу;
 - 8) топырақты далалық зерттеулер, гидрогеологиялық зерттеулер;
 - 9) топырақты, жер асты суларын, негіздер мен іргетастарды зертханалық зерттеулер.

2. Құрылысқа арналған жобалау жұмыстары (сейсмикалық емес аудандарда және/немесе сейсмикалық төзімділігі 7 балл және одан жоғары аудандарда)

2. Қала құрылысы құжаттамасын әзірлеу:
- 1) жоспарлау құжаттамасы (елді мекендердің бас жоспарлары, аудандарды, шағын аудандарды, кварталдар мен жекелеген учаскелерді, тәптіштелген жоспарлау, салу жобалары);
 - 2) көлік схемалары, сыртқы көлік, көше-жол желісі;
 - 3) жылумен жабдықтау желілерінің схемалары;
 - 4) сумен жабдықтау желілерінің, кәріз желілерінің схемалары;
 - 5) газбен жабдықтау желілерінің схемалары;
 - 6) энергиямен жабдықтау желілерінің схемалары;
 - 7) телекоммуникациялар мен байланыс желілерінің схемалары.

3. Күрделілігі I, II, III деңгейдегі ғимараттар мен құрылыстарды сәулеттік жобалау:

- 1) объектілердің бас жоспарлары, жер бедерін көркейту және ыңғайластыру жобалары;
- 2) өндірістік мақсаттағы объектілер;
- 3) ғимараттар мен құрылыстарды (тарих және мәдениет ескерткіштерінен

басқа) қайта жаңғыртуды және қалпына келтіруді қоса алғанда тұрғын үй-азаматтық ғимараттар мен құрылыстар.

4. Құрылыстық жобалау және құрастыру:

- 1) негіздер мен іргетастар ¹ ;
- 2) бетонды және темір-бетонды, тасты және шегенделген тасты құрастырмалар ¹ ;
- 3) болат және алюминий құрастырмалар ¹ ;
- 4) ағаш құрастырмалар ¹ ;
- 5) ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу, қайта жаңғырту, құрастырмаларды нығайту.

Ескертпе: - ¹ осы жұмыс түрлерінің тармақтары үшін ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу, қайта жаңғырту, құрастырмаларды нығайту үшін жобалау құқығы бар.

5. Инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау:

- 1) жылыту (электрлікті қоса алғанда), желдету, кондиционер орнату, сумен жабдықтау және кәріз;
- 2) жылумен жабдықтау;
- 3) магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары;
- 4) төмен қысымды газбен жабдықтау;
- 5) орташа және жоғары қысымды газбен жабдықтау;
- 6) салқын ауамен жабдықтау;
- 7) 0,4 кВ-ға дейінгі, 10 кВ-ға дейінгі электрмен жабдықтау, электрлік жарықтандыру;
- 8) 35 кВ-ға дейінгі, 110 кВ-ға дейінгі және одан жоғары электрмен жабдықтау;
- 9) технологиялық процестерді автоматтандыру;
- 10) тогы әлсіз құрылғылар.

6. Жобалардың арнайы бөлімдерін әзірлеу:

- 1) еңбекті қорғау;
- 2) тот басудан қорғау;
- 3) ғимараттар мен құрылыстарды жаңадан салу, күрделі жөндеу, қайта жаңғырту немесе қайта жабдықтау үшін жобалау кезеңіндегі өрт-күзет дабылы, автоматика, өрт сөндіру мен өрттен қорғау жүйелері;
- 4) сметалық құжаттама;
- 5) құрылысты ұйымдастыру жобалары (ҚҰЖ) мен жұмыстар жүргізу жобалары (ЖЖЖ).

7. Технологиялық жобалау:

Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар:

1) мектепке дейінгі білім беруге, жалпы және арнайы білім беруге, кадрларды даярлауға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне, жобалау және қоғамдық ұйымдарға, басқаруға, мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелеріне, сауда (дәріханаларды қоса алғанда), қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына арналған ғимараттар, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт, демалыс пен туризмге арналған ғимараттар мен құрылыстар, әртүрлі мақсаттағы үй-жайларды қоса алғанда, көп функциялы ғимараттар мен кешендер;

2) денсаулық сақтауға арналған ғимараттар мен құрылыстар (дәріханаларды қоспағанда);

3) халыққа тікелей қызмет көрсету мақсатындағы көлікке арналған ғимараттар мен құрылыстар, коммуналдық шаруашылыққа арналған ғимараттар (өндірістік, қоймалық және көлік ғимараттары мен құрылыстарынан басқа).

Өндірістік мақсаттағы объектілер:

- 1) энергетика өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 2) мұнай-газ өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 3) кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 4) қайта өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 5) ауыр машина жасау кәсіпорындары;

6) медицина, микробиология және фармацевтика өнеркәсібінің кәсіпорындары;

7) бөгеттер, бөгесіндер, басқа да гидротехникалық құрылыстар;

8) мұнара және діңгек үлгісіндегі құрылыстар мен құрастырмалар;

9) көтеру құрылыстары;

10) қалаішілік көлік (жер үсті автомобиль және электрлі, жер асты, жер беті, аспалы, су) және сыртқы автомобиль, темір жол, әуе, су көлігі кәсіпорындары, объектілері мен коммуникациялары;

11) инженерлік инфрақұрылым кәсіпорындары, объектілері мен коммуникациялары.

Байланыс объектілері мен құрылыстары:

1) жергілікті байланыс, радио мен телекоммуникация желілері;

2) жалпы республикалық және халықаралық байланыс пен телекоммуникациялар желілері.

Ауыл шаруашылығы объектілері (қайта өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарын қоспағанда).

Көлік құрылысы:

- 1) темір жол көлігінің қатынас жолдары;
- 2) барлық санаттағы автомобиль жолдары;

- 3) қалалық электрді көліктердің көше-жол желісі;
- 4) көпірлер мен көпір өткелдері.

3. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру

8. Сертификатталатындарды қоспағанда, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру:

- 1) желдеткіш, санитарлық-техникалық, электр монтаждық жабдықтар;
- 2) металдардан, полимерлік және өндіріс қалдықтары негізіндегі композиттік материалдардан;
- 3) мұнара-діңгек үлгісіндегі элементтер, түтін шығару мұржалары;
- 4) көпірлер мен көпір өткелдерінің элементтері;
- 5) резервуарлар мен көлемі 5000 м³ дейінгі сыйымдылықтар;
- 6) қысыммен жұмыс істейтін немесе өртену қаупі бар және қоршаған ортаға зиянды материалдарды сақтауға арналған резервуарлар мен сыйымдылықтар;
- 7) тіреуіш және қоршау элементтері;
- 8) технологиялық металл құрастырмалар мен олардың тетіктері.

4. Құрылыс-монтаждау жұмыстары (сейсмикалық емес аудандарда және/немесе сейсмикалық төзімділігі 7 балл және одан жоғары аудандарда)

9. Жер жұмыстары.

10. Ғимараттар мен құрылыстардың күрделілігі I немесе II және III деңгейдегі тіреуіш және қоршау құрастырмаларын тұрғызу:

- 1) металл құрастырмаларды монтаждау, арматураларды орнату;
- 2) болат резервуарлар мен 5000 м³ дейінгі сыйымдылықтарды;
- 3) қысыммен жұмыс істейтін, жарылу қаупі бар және қоршаған орта үшін зиянды материалдарды сақтауға арналған болат резервуарлар мен сыйымдылықтарды монтаждау;
- 4) мұнара және дінгек үлгісіндегі құрылыс құрастырмаларын, түтін мұржаларын монтаждау;
- 5) көпірлер мен көпір өткелдерінің тіреуіш құрастырмаларын монтаждау;
- 6) көтергіш құрылыстардың (лифттердің, эскалаторлардың, шахта тоқпақтары мен көтергіштерінің, аспалы жолдардың және басқалардың) құрылыс құрастырмаларын монтаждау;
- 7) металлургия, мұнай химиясы, тау-кен, энергетика және басқа да өнеркәсіп салалары агрегаттарының, аппараттары мен басқа да технологиялық ғимараттарының құрылыс құрастырмаларын монтаждау;
- 8) құйма бетон және темір-бетон құрастырмаларын орналастыру;
- 9) негіздер мен іргетастарды орналастыру, қада қағу жұмыстары;

10) құрама бетон және темір-бетон құрастырмаларды, тіреуіш ағаш құрастырмаларды монтаждау, тас, кірпіш, блок қалау және бөлу қалқаларын орналастыру, қоршау құрастырмаларын монтаждау және ойықтарды толтыру;

11) шатырлау жұмыстары.

11. Арнайы құрылыс және монтаждау жұмыстары, топырақтағы арнайы жұмыстар:

1) мұнай құбырлары, газ құбырлары, мұнай өнімдері құбырларының магистральдық желілері;

2) мұнай құбырларының, газ құбырларының кәсіпшілік желілері;

3) ұңғымаларды жайластыру;

4) кернеуі 35 кВ дейінгі электр беру магистральдық желілері;

5) кернеуі 110 кВ дейінгі және одан жоғары электр беру магистральдық желілері;

6) тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыс объектілерін газдандыру;

7) гидротехникалық және селден қорғау құрылыстары, бөгеттер, бөгесіндер;

8) түтін шығару мұржалары, күш тіректері, градирнялар, шахта үстіндегі тоқпақтар;

9) отқа төзімді материалдарды қалау;

10) жарылу-өрт қаупі бар жабдықтарды монтаждау;

11) түсті металдардан, полимерлік материалдардан және шыныдан жасалған технологиялық құбырларды монтаждау;

12) байланыс пен телекоммуникациялардың жалпы республикалық және халықаралық желілері;

13) мұнай, мұнай өнімдері мен сұйытылған газдар қоймалары;

14) топырақта бұрғылау және бұрғылау-жару жұмыстары;

15) су асты-техникалық және теңіз қайраңындағы жұмыстар;

16) мелиоративтік және су шаруашылығы құрылысындағы жер жұмыстары;

17) топырақтағы гидромеханикаландырылған жұмыстар;

18) тау-кен ұңғылау мен тоннель қазу жұмыстары, сүзілуге қарсы қалқаларды орналастыру, топырақ қабатын бекіту, жер асты суларының деңгейін төмендету.

12. Сыртқы инженерлік желілер мен құрылыстарды және ішкі инженерлік желілерді орналастыру жөніндегі жұмыстар:

1) қысыммен жұмыс істейтін құбырлар;

2) жылу желілері;

3) төмен қысымды газбен жабдықтау желілері;

4) орта және жоғары қысымды газбен жабдықтау желілері;

5) сумен жабдықтау және кәріз желілері;

6) электрмен жабдықтау желілері, электрмен жарықтандыруды орнату;

7) темір жол қатынасы жолдарын электрмен жабдықтау желілері, әуе көлігі

кәсіпорындарын электрмен жабдықтау және электрмен жарықтандыру желілері;

8) байланыс, радио, теледидар желілері мен ішкі жүйелері;

9) желдету, ауаны кондициялау, пневмокөлік және шаң-тозаң тұту;

10) электрмен жабдықтау, электрмен жарықтандыру, электрмен жылыту;

11) жылумен жабдықтау;

12) газбен жабдықтау;

13) сумен жабдықтау, кәріз.

13. Құрастырмалар мен жабдықтарды қорғау жөніндегі жұмыстар:

1) құрылыс құрастырмаларын су өтпейтіндей етіп қымтау;

2) құбырларды, құрылыс құрастырмалары мен жабдықтарын жылу шығармайтындай етіп қымтау;

3) қаптау мен шегендеу жұмыстары;

4) агрессивті су әсері кезінде химиялық қорғаныш жабындыны қоса алғанда, құрылыс құрастырмалары мен жабдықтарын, құбырларды тоттанудан сақтау;

5) құбырларды, құрастырмалар мен жабдықтарды электрохимиялық қорғау.

14. Майлау және сырлау жұмыстарын қоспағанда, күрделілігі I немесе II және III деңгейдегі ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын салу, қайта құру, күрделі жөндеу кезіндегі әрлеу жұмыстары.

15. Жол құрылысы жөніндегі жұмыстар:

1) темір жол тармақтарына арналған негіздер;

2) темір жол тармағының үстіңгі қабатын төсеу;

3) жайластырылған және шағын жасанды ғимараттары бар республикалық маңызды автожолдардың негіздері мен жабыны;

4) жайластырылған және шағын жасанды ғимараттары бар жергілікті маңызы бар автожолдардың негіздері мен жабыны, шаруашылық ішілік автожолдардың негіздері мен жабыны;

5) қалалық жол желісінің негіздері мен жабыны;

6) әуежайлар ұшу-қону алаңдарының және тікұшақтар алаңдарының негіздері мен жабыны.

16. Технологиялық жабдықтарды (іске қосу-ондау жұмыстарын қоса алғанда) монтаждау:

1) көтергіш-көліктік, лифтілер;

2) металл өңдеу;

3) ағаш өңдеу;

4) металлургиялық, ұсақтау-уату, кен байыту және агломерациялық;

5) мұнай кәсіпшілігі, газ кәсіпшілігі;

6) геологиялық барлау, бұрғылау;

7) тау-шахта метрополитендер мен тоннельдер;

8) жарылыстан қорғалған электротехникалық жабдықтар;

- 9) бақылау, аварияға қарсы қорғау және дабыл аппаратурасы мен жүйелері;
- 10) компрессор машиналары, сорғылар мен желдеткіштер;
- 11) темір жол көлігіндегі байланыс, дабыл, орталықтандыру және блоктау құрылғылары мен жабдықтары;
- 12) газдарды тазалау;
- 13) технологиялық металл құрастырмалары, құбырлар;
- 14) электротехникалық қондырғылар мен жабдықтар, электр пештері;
- 15) қазандық қондырғылар, жылулық-күштік және көмекші жабдық;
- 16) өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы бақылау мен есепке алу аспаптары;

- 17) химия және мұнай өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 18) көмір өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 19) гидроэлектр станциялары мен гидротехникалық құрылыстар;
- 20) жылу электр станциялары;
- 21) байланыс кәсіпорындары;
- 22) құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары;
- 23) жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары;
- 24) театр-ойын-сауық ғимараттары мен құрылыстары;
- 25) астық өңдеу жөніндегі, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары және астық қоймалары.

17. Күрделілігі I немесе II және III деңгейдегі ғимараттар мен құрылыстардың құрастырмаларын күшейтуді қоса алғанда, күрделі жөндеу және қайта құру:

- 1) ғимараттар мен құрылыстардың тіреуіш және қоршау құрастырмалары (есептеу схемасын өзгертпей);
- 2) шатыр жабындылары мен құрастырмалары;
- 3) сыртқы және ішкі инженерлік желілер (газбен жабдықтаудан басқа);
- 4) газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырлары, бу құбырлары, ауа құбырлары және басқа да стационарлық тасымалдау құрылғыларының желілері;
- 5) құрастырмалар мен жабдықтардың (қаптау, шегендеу, окшаулау, тоттануға қарсы, химиялық және т.б.) қорғау жабындары;
- 6) республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары, шаруашылық ішілік және қалалық көше-жол желілері;
- 7) темір жолдар;
- 8) тоннельдері;
- 9) гидротехникалық және гидромелиоративтік құрылыстар;
- 10) лифтілерді, көтергіш көлік құрылғылары мен құрылыстарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 11) көпірлер мен көпір өткелдерінің элементтері.

5. Сараптама жұмыстары

18. Құрылысқа арналған жұмыстарды орындау кезіндегі инжинирингтік қызметтер көрсету:

1) құрылыс процесіне технологиялық сүйемелдеу жүргізу әдісімен және мамандандырылған зертханалар арқылы жұмыстар мен қызмет көрсетулер рыногының субъектілері жүзеге асыратын құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасын бақылау және құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру жөніндегі инженерлік қызмет;

2) жұмысшы кадрлар мен мамандарды аттестаттау;

3) лицензия алуға ниет білдіруші заңды және жеке тұлғалардың өндірістік-техникалық базасын және біліктілік талаптарға сәйкестігін тексере отырып, техникалық аудит пен лицензиаттар (лицензия алуға талапкерлер) ұсынатын материалдардың (құжаттардың) сараптамасы;

4) жобаларды мемлекеттік сараптаудың ерекше құзыретіне жатпайтын жұмыстар мен қызмет көрсету рыногының субъектілері орындайтын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының бөлімдеріне сараптама;

5) ғимараттардың (құрылыстардың) және инженерлік жүйелер мен коммуникациялардың техникалық жай-күйін тексеруді қоса алғанда, қазіргі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс істеу сенімділігін әрі беріктігін бағалау.

Ескертпелер:

1) лицензиат (лицензия алуға талапкердің) растаған біліктілік талаптарына байланысты лицензиар ғимараттардың, құрылыстар мен құрастырмалардың сейсмикалық аудандастырылуы және күрделілік деңгейлері бойынша шектеулер белгілей алады;

2) лицензия берген кезде лицензияға қоса берілетін тізбеде рұқсат етілген жұмыс түрінің толықтығы нақтыланады.